

«Келісемін»

Директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары



Ж.С. Ажигбаева

« 31 » тамыз 2023 жыл



**«Қазан жалпы негізгі білім беретін мектебі» КММ-нің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
2023-2024 оқу жылына арналған 2«Ә» сыныбының тәрбие жоспары**

Қазан -2023ж.

## ТҮСІНІК ХАТ

Өскелен жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі азаматтың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін; - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

#### Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет студі, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

#### Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

##### Ұлттық мүдде құндылығы индикаторлары:

- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

##### Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

##### Ар-ұят құндылығы:

- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді;

**Талап құндылығы:**

- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Дұрыс қарым-қатынас орната білу;

**Күтілетін нәтижесі:**

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

**Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:**

1. «Балалар және театр»

**ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ**

- 1 қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек - А. Байтұрсынұлыны туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

| Іс-шараның атауы                                     | Мақсатты аудитория                                                              | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны                       | Мерзімі                                                                                                                                             |       |
|------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|------------------|--------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАҢАР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                                                                 |                  |                                      |                                                                                                                                                     |       |
| 1                                                    | І қыркүйек-білім күні<br>«Мектеп-<br>мейірім мекені»                            | 2«Ә»<br>сыныбы   | Салтанатты жиын және сынып сағаттары | «Білімге ұмтылу, Еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_dunixэштегі | 01.09 |
| 2                                                    | «Тіл ғұмыры – ұлт ғұмыры»                                                       | 2«Ә»<br>сыныбы   | Сынып сағаты                         | Сынып сағатының жоспары                                                                                                                             | 06    |
| 3                                                    | «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік»<br>ЖЖЕ Жол жүру ережелерін білеміз бе | 2«Ә»<br>сыныбы   | Сыныпсағаты                          | Сынып сағатының жоспары                                                                                                                             | 13    |
| 4                                                    | «Қарттарым – асыл казынам»                                                      | 2«Ә»<br>сыныбы   | Сыныпсағаты                          | Сыныптың инстаграмм парақшасы                                                                                                                       | 20    |
| 5                                                    | 25 қазан Республика күні                                                        | 2«Ә»<br>сыныбы   | Сынап сағаты                         | Сынып сағатының жоспары                                                                                                                             | 27    |

## ҚАЗАН–АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан – Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

| №                                                      | Іс-шараның атауы              | Максатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталуына              | Мерзімі    |
|--------------------------------------------------------|-------------------------------|--------------------|------------------|-------------------------|------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                               |                    |                  |                         |            |
| 6                                                      | «Кітап білім бұлағы»          | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 04.10      |
| 7                                                      | «Абайлаңыз балақай»           | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 11         |
| 8                                                      | «Әдептілік тәрбие бастауы»    | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 18 (25.10) |
| 9                                                      | «Балаларға қауіпсіз интернет» | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары |            |

## ҚАРАША-ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15қараша-Ұлттық валюта күні

➤ Күзгі демалыс

| №                                                      | Іс-шараның атауы                         | Мақсатты аудитор<br>ня | Ұйымдастыру<br>түрі | Аяқталуы саны           | Мерзімі |
|--------------------------------------------------------|------------------------------------------|------------------------|---------------------|-------------------------|---------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                          |                        |                     |                         |         |
| 10                                                     | «Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар » | 2«Ә» сыныбы            | Сынып сағаты        | Сынып сағатының жоспары | 08.11   |
| 11                                                     | «Қазақтың ұлттық тағамдары »             | 2«Ә» сыныбы            | Сынып сағаты        | Сынып сағатының жоспары | 15      |
| 12                                                     | «Мен және менің құқығым»                 | 2«Ә» сыныбы            | Сынып сағаты        | Сынып сағатының жоспары | 22      |
| 13                                                     | «Ұлттық тәрбие ұлт болашағы »            | 2«Ә» сыныбы            | Сынып сағаты        | Сынып сағатының жоспары | 29      |



## ЖЕЛТОҚСАН—«ҚАЗАҚСТАН-ҰЛЫДАЛАЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

| №                                                      | Іс-шараның атауы                                                | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі     | Аяқталуына              | Мерзімі |
|--------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------|--------------------|----------------------|-------------------------|---------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                                                 |                    |                      |                         |         |
| 14                                                     | «16 Желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні»    | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты         | Сынып сағатының жоспары | 06.12   |
| 15                                                     | «Ертегілер елінде»                                              | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты         | Сынып сағатының жоспары | 13      |
| 16                                                     | «Өрт - тілсіз жау» ЖЖЕ Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты         | Сынып сағаты жоспары    | 20      |
| 17                                                     | «Таңғажайып жаңа жыл!»                                          | 2«Ә» сыныбы        | Сыныптан тыс іс-шара | Сынып сағаты жоспары    | 27      |

ҚАҢТАР—«ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

| №                                                    | Іс-шараның атауы                       | Максатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны          | Мерзімі |
|------------------------------------------------------|----------------------------------------|--------------------|------------------|-------------------------|---------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАҢАР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                        |                    |                  |                         |         |
| 18                                                   | «Мамандықтар әлемі»                    | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 10.01   |
| 19                                                   | Ақын ақын М.Мақатаев                   | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 17      |
| 20                                                   | «Мен өз елімнің Патриотымын!»          | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 24      |
| 21                                                   | «Өнегелі бала-атананың абыройы, айнасы | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 31      |

## АҚПАН-ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

| №                                                      | Іс-шараның атауы                                                                  | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны          | Мерзімі |
|--------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------|--------------------|------------------|-------------------------|---------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                                                                   |                    |                  |                         |         |
| 22                                                     | «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы»<br>(«Балалар кітапханасы» жобасы)     | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 7.02    |
| 23                                                     | «Табиғатты қорғайық»<br>ӨҚН Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 14      |
| 24                                                     | «Имандылық жарасады ұл-қызға»                                                     | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 21-28   |

## НАУРЫЗ-ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

| №                                                      | Іс-шараның атауы                               | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны           | Мерзімі |
|--------------------------------------------------------|------------------------------------------------|--------------------|------------------|--------------------------|---------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                                |                    |                  |                          |         |
| 25                                                     | «Асыл жанды аналар!»<br>ЖЖЕ Темір жол өтпелері | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары  | 06.03   |
| 26                                                     | «Табиғатты қорғау біздің міндетіміз»           | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары  | 13      |
| 27                                                     | «Ұлыстың ұлы күні!»                            | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары, | 20      |

**СӘУІР-ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы**

➤ 12 сәуір - Ғылым күні

| №                                                      | Іс-шараның атауы                                                                                 | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны          | Мерзімі |
|--------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|------------------|-------------------------|---------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                                                                                  |                    |                  |                         |         |
| 28                                                     | «Ғарыш қырандары» ЖЖКЕ Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 3.04    |
| 29                                                     | «Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі »                                                              | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 10      |
| 30                                                     | Құстар – біздің досымыз                                                                          | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 17      |
| 31                                                     | «1 Мамыр – Ұлтаралық келісім күні»                                                               | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 24      |
| 32                                                     | «XXI ғасыр Көшбасшысы» интеллектуалды сайыстар                                                   | 2«Ә» сыныбы        | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары |         |

## МАМЫР-БЕЙБІТШЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

| №                                                      | Іс-шараның атауы                                            | Мақсаттың аудитория | Ұйымдастыру түрі | Аяқталу нысаны          | Мерзімі      |
|--------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|---------------------|------------------|-------------------------|--------------|
| <b>ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)</b> |                                                             |                     |                  |                         |              |
| 33                                                     | «Дені сау ұрпақ жарқын болашақ»                             | 2«Ә» сыныбы         | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 8.05 (01.05) |
| 34                                                     | «7 мамыр-Отан қорғаушылар күні»<br>«9 мамыр-Ұлы Жеңіс күні» | 2«Ә» сыныбы         | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 15           |
| 35                                                     | Тәбиғатты аялайық<br>ЖЖЕ Қорытынды сабақ                    | 2«Ә» сыныбы         | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 22           |
| 36                                                     | «Бақытты балалық шақ!» Жазғы демалысты қалай өткізу керек?  | 2«Ә» сыныбы         | Сынып сағаты     | Сынып сағатының жоспары | 25           |